

Педагогикалық менеджмент

Усенова Альмира

Педагогикалық менеджмент ұғымы

- ▶ Педагогикалық менеджмент оқу-тәрбие, оқу-таным үрдісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені.
- ▶ Педагогикалық менеджмент - бұл білім беру процесін басқарудың кешенді принципі мен технологиялық тәсілдер, ол тек білім мекемелеріне тиімді басшылықтың шығармашылық потенциалын көрстеіп қана қоймай, педагогтар, студенттер мен тыңдаушыларға да өзіне тән міндеттер ауқымын жүктейді.

Білім беру үдерісінде менеджердің

- ▶ **еңбегінің пәні** - басқарылатын нысанның (субъекттің) іс-әрекеті,
- ▶ **еңбек өнімі**-ақпарат,
- ▶ **еңбек құралы** - тіл, сөз, сөйлеу,
- ▶ **еңбек нәтижесі** - білім алушылардың білім, тәрбие, даму деңгейлері.

Педагогикалық менеджмент міндеттері басқару мазмұнымен анықталады. Басқару мазмұны басқару функциясының мына төмендегі компоненттерінің өзара үйлесімділігі келесілер:

- жоспарлау;
- ұйымдастыру;
- реттеу;
- бақылау;
- есеп жүргізу;
- талдау.

Педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады,

- қарамағындағы қызметкерлердің жұмысын жоспарлау, яғни іс-қимыл стратегиясын әзірлеу;
- басқару шешімдерін рәсімдеу, оқыту мазмұнына сай бағдарламалар мен жоспарлау әзірлеу, олардың орындалу мерзімі мен жауапты қызметкерлерді нақты белгілеу;
- жиналыстар, педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізу туралы нұсқаулар беру;

Педагогикалық менеджмент принципі

▶ *Педагогикалық менеджмент принципі дегеніміз - білім беру менеджерінің қызметіне тән маңызды талаптар мен ережелердің жиынтығы, басқарудың объективті заңдылықтарының көрінісі және жеке тұлғалар арасындағы психологиялық қарым-қатынасқа негізделген біртұтас педагогикалық процесс.*

- менеджменттің педагогикалық бағыттау принципі;
- менеджердің диагностикалық қызметінің нақтылығы мен мақсаттылық принципі;
- қызметтік мақсатқа лайықтылық принципі;
- басқару процесінің пәрменділік принципі;
- басқару қызметін өзара бөлісу принципі;

Педагогикалық менеджмент әдістері

- психо-педагогикалық әсер ету әдісі;
- әкімшілік басқару әдісі;
- экономикалық әдістер;
- қоғамдық пікір арқылы әсер ету әдісі.

Педагогикалық менеджмент функциялары

- ▶ • жобалау - жоспарлау функциясы;
- ▶ • ақпараттық - сараптамалық;
- ▶ • мақсатты - мотивациялық;
- ▶ • ұйымдастыру - орындаушылық;
- ▶ • бақылау және бағалау;
- ▶ • коррекциялау функциясы.